

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Бекітемін:
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университетінің
ректоры м.а.  Б.К.Исабек
2019 ж.



**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде 2018-
2019 оқу жылында атқарылған жұмыстар
есебі.**

Шымкент, 2019 ж.

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Оңтүстік
Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде 2018-2019 оқу жылында
атқарылған жұмыстар
есепі**

ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (12.04.2017.) және «Ұлы Даланың жеті қыры» (21.11.2018.) атты бағдарламалық мақалалары – қазірдің өзінде қоғам тарапынан еліміздің ұлттық идеологиясының негізі ретінде қабылданып отырған бірегей құжаттар. Ел дамуының жарқын үлгісі болып табылатын бұл құжаттар нақты қадамдар мен келелі ойға, салиқалы пікір мен батыл шешімдерге құрылған. Сананы жаңғырту арқылы ұлттық кодты сақтау, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату, әлемдік өркениеттегі Ұлы Даланың орны мен далалықөркениеттілікті тану мен таныту стратегиялық мақалалардағы басты бағдарлар болып табылады.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті аталған бағдарламалық құжаттар негізінде оқу ордасында оқу, тәрбие, ғылым бағыттары бойынша жүзеге асырылатын іс-шаралардың стратегиялық жоспарын түзіп, оны ЖОО Ғылыми кеңес мәжілісінде талқылап, бекітті (№9, 26.04.2017ж. *Ескерту: Ол кезде ЖОО институт мәртебесінде болатын. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 қарашадағы №765 Қаулысымен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтына университет мәртебесі берілді*). Жоспарлар құжаттардың хронологиясы мен маңыздылығына орай ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан түскен тапсырмаларға сай уақтылы толықтырылып келеді.

«Рухани жаңғыру» құндылықтары біздің басты рухани бағдарымыз болып қала беретіні, аталған құжаттардың маңыздылығы мен бағдарламаның жалғасатыны және оны ел болашағы - жастардың тәрбиесіне бағыттау қажеттігі ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қызметіне кірісуіне орай өткен Ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде нақты айтылды.

ЖОО қабырғасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша 2018-2019 оқу жылына арналған университеттің жұмыс жоспары ҚР Президенті аппараты Ішкі саясат бөлімі және Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты тарапынан болған ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып жасалып, ректор тарапынан бекітілді (29.08.2018 ж.).

Жаңа жоспарда «Рухани жаңғыру» бағдарламасын орындау мақсатында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақалада көрсетілген барлық бағыттарды қамтитын жұмыстар жоспарланып, ұзақ мерзімді және кешенді іс-шаралар өткізу белгіленді. Ол жоспарда ең алдымен **ұйымдастыру бағытындағы** жұмыстарға ерекше маңыз берілді. Содан соң стратегиялық мақалада көрсетілген бағыттарды орындау мақсатындағы іс-шаралар белгіленді. Атап айтқанда, **1. «XXI ғасырдағы ұлттық сана» және бәсекеге қабілеттіліктің қалыптасуындағы жастардың міндеттері мен мүмкіндіктері».**

2. Жастар білімі мен тәрбиесіндегі прагматизм және «ұлттық код».

3. Дамудың «Қазақстандық жолы» және бүгінгі мәдениет, білім және сананың ашықтығы.

4. Жаңа гуманитарлық білім. қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық».

5.«Мемлекеттік тілдің латын қарпіне көшуі».

6.«Қазақстанның киелі жерлері».

7. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» қоғамның түрлі салаларындағы белсенді тұлғалармен жастардың кездесулері бағыттары және 2018 жылдың қараша айындағы Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында айтылған бағыттар бойынша қосымша іс-шаралар жоспарланып, жыл бойында жұмыстар жүргізілді.

2018-2019 оқу жылында сол жоспарларға сай және жоспардан тыс мына төмендегіше іс-шаралар атқарылды.

Ұйымдастыру бағытындағы іс-шаралар бойынша ЖОО басшылығы орталық жұмысының тиісті деңгейде жүруіне қажетті материалдық-техникалық және рухани тұрғыдан қолдау жасады. ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының аталған оқу жылындағы жұмыс жоспарына сай университеттің тиісті құрылымдарының және оқу топтары тәлімгерлерінің жоспарларына тиісті өзгерістер енгізіліп үйлестіріліп отырды.

2018-2019 оқу жылында «Рухани жаңғыру» орталығының материалдық-техникалық тұрғыдан қосымша жабдықталуы.

2018 жылдың 3 қыркүйек күні Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті қабырғасында өңірде алғаш болып ЖОО жанынан жастарға арналған «Рухани жаңғыру» алаңы ашылды. Алаң тақырыпқа сай безендірілген. Қазіргі кезде алаң аумағында студенттер үшін 24 сағаттық интернет желісі жұмыс жасап, түнгі мезгілдерде толықтай жарықпен қамтылған. «Рухани жаңғыру» алаңының тұсаукесеріне Түркістан облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Ж.Мәуленқұлов, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, жазушы, қоғам қайраткері М.Байғұт, К.Симонов атындағы сыйлықтың иегері, жазушы Н.Бегалиев және т.б. ардагер ұстаздар, ЖОО профессор-оқытушылары және студенттер қауымы қатысты.

Арнайы алаң жыл бойына университеттің және қаладағы басқада ЖОО мен қала және облыстық «Рухани жаңғыру» жобалық кеңселерінің бірлескен түрлі іс-шаралары мен ОҚМПУ жастарының арасында білім мен тәрбиеге қатысты ұйымдастырылған жұмыстарда тиімді пайдаланылып келеді. Мысалы, «Рухани жаңғыру» орталығының жоспарына сай 2018 жылдың 26 қыркүйек күні Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті қабырғасында өткен Түркістан облыстық «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі мен ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының бірлескен іс-шарасында Қазақстан қоғамының ұлттық идеологиясы үшін, соның ішінде жастар тәрбиесінде ерекше маңызға ие Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық мақаласының мазмұны мен маңызы түсіндіріліп, осы бағытта бір жылдан аса уақыт жұмыс жасап келе жатқан өңірлік «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің атқарған жұмыстарымен студент жастарды таныстыру мақсатындағы «Ашық есік» онкүндігі ОҚМПУ-дан бастау алғаны жария етілді. Іс-шараға қатысқан Түркістан облыстық «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің жетекшісі Б.Әшірбеков, «Қазақстан инженерлі-педагогикалық Халықтар Достығы» университетінің тәрбие істер жөніндегі проректоры Б.Садықов, «Қазақстан инженерлі-педагогикалық Халықтар Достығы» университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент Ш.Нартбаев, ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы, т.ғ.к. Қ.Анарбаевтар тарапынан студенттерге бағдарлама бойынша мағлұматтар берілді. Сонымен бірге алаң материалдары ЖОО қабырғасында өткен «Тілдер күніне», «Ұстаздар күніне», түрлі деңгейлердегі «Ашық есік» күндерінде, пәндік олимпиадаларға, түрлі байқауларға және «Рухани жаңғыру» бағытында өткен бірқатар іс-шараларда және университетке келген құрметті қонақтардың да назарын аударатын нысанның бірі ретінде пайдаланылып отыр.

ЖОО-да «Рухани жаңғыру» алаңымен бірге **«100 жаңа оқулық»** залы, студенттердің стартап жобаларын жүзеге асыруға қажетті арнайы кабинеттер жабдықталып, жастарға жағдайлар жасалған. Жастар оларды пайдаланып келеді.

«100 жаңа оқулық» залы жастарға қазақ тілінде жарияланған гуманитарлық бағыттағы еңбектермен танысуға мол мүмкіндік береді. Жаңа оқу жылында ондағы кітаптарды оқу-әдістемелік кешендерге ендіру жұмыстары бойынша кафедралар тарапынан қосымша әдістемелік жұмыстар жүргізілді. Қазіргі таңда аталған еңбектерді

пайдалану бойынша студенттерге арналған әдістемеліктер әзірлеу бағытындағы жұмыстар одан ары жалғасуда.

2018-2019 оқу жылында университетке I курсқа қабылданған студенттермен бағдарламалық мақала мәтіні мен еліміздегі, өңірдегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасын орындау бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстармен таныстығының деңгейін анықтау мақсатында студенттер арасында арнайы сауалнама алынып, жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде көрші түрік тілдес елдерден келген жастармен рухани тамырымыздағы тарихи сабақтастықтар, ортақ тарихымыз бен мәдениетіміз және бүгінгі күнгі рухани, мәдени, тіпті экономикалық және саяси байланыстарымыздың ортақ жақтарын дұрыс түсіндіру бағытында қосымша тәрбиелік, ақпараттық-насихаттық сипаттағы жұмыстар атқарылды. Сауалнама көрсеткіштері жыл бойында атқарылған жұмыстардың нақты көрсеткіш деңгейін анықтауда көп көмегі тиді. Жыл басындағы көрсеткіш пен жыл соңындағы көрсеткіш арасындағы айырма деңгейі жоғары өсімді көрсетті.

Ұйымдастыру жұмыстарының ішінде ЖОО сайтынан арнайы «Рухани жаңғыру» беті ашылып, оған орталықтың тынысынан хабар беретін бағыттарға сай атқарылған жұмыстар туралы мағлұматтар енгізіліп отырды.

ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығында атқарылған жұмыстар мазмұны, сипаты мен көлемі бойынша көп жағдайларда орталықтың жұмыс жоспарында көрсетілген бірнеше бағыттарды қоса қамти жүргізілгенін ескере келе, жылдық есепті негізінен атқарылған мерзімдерінің ретімен бергенді дұрыс деп санаймыз.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасында көрсетілген «Үш тілді меңгеру» және латын әліпбиіне өту бойынша 2018 жылдың қыркүйек айында шетел тілдері кафедрасының доцентінің м.а. , п.ғ.к. Киясова Калия Кұралбайқызы ҚР тілдер мерекесі қарсаңында «Ұстаз нұры» білім порталы тарапынан ұйымдастырылған «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» атты қашықтық конкурсына «Ағылшын әліпбиі мен Латын әліпбиі арасындағы ұқсастықтары мен ерекшеліктері» тақырыбында ғылыми мақала жазып, *Кұрмет грамотасымен* марапатталды.

«Ұстаз нұры» білім порталы тарапынан ұйымдастырылған «**Рухани жаңғыру – ұлттық тәрбие бастауы**» атты қашықтық жобасына шетел тілдері кафедрасының доцентінің м.а. , п.ғ.к. Киясова Калия Кұралбайқызы «Стратегический фактор модернизаций методической работы в школах Казахстана в свете внедрения идеи «Мәңгілік Ел» в рамках реализаций Концепций 12 летнего образования в условиях создания образовательного хаба» тақырыбында өз ұсыныстарымен қатысып, *қатысушы сертификатын* алды.

27.09.2018 ж. күні «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында «Үш қаламгер – үш ой-пікір» атты онлайн конференциясына Филология факультетінің студенттері қатысып, қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары, жазушы, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» романы және жазушы Немат Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» кітабы бойынша оқығандағы алған әсерлері мен рухани жаңғыру бойынша аталған шығармалардың маңызы бойынша студенттеріміз Қарағанды облысы және Шығыс Қазақстан облысы студенттерімен бөлісті.

2018 ж. 3 қазаны күні ҚРПрезиденті Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен жанұялық құндылықтарды нығайту мақсатында «Отбасы күні» мерекесіне орай «Отбасы – Отанымыздың ошағы» атты тақырыпта тәрбиелік сағаттар ұйымдастырылса, Сарыағаш ауданында «Кітап және отбасы» тақырыбында өткен байқауға 117-28 оқу тобының студенті Султанмуратова Гулнұр отбасы мүшелерімен бірге жұмыла қатысып бас жүлде

иегері атанып, облысқа жолдама алды. Нәтижесінде облыс көлемінде өткен байқаудан 3-орын иеленді

«100 жаңа есім» жобасы аясында 3 қазан 2018 жылы ОҚМПУ студенттері «Отырар» қалалық ғылыми-эмбебап кітапханасының мәжіліс залында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша «100 жаңа есім» жобасына таңдалған тұлғаның бірі қазақтың ұлттық зияткерлік спортының қазіргі жарық жұлдызы - тоғызқұмалақтан әлемнің 7 дүркін чемпионы Әсел Далиевамен өткен кездесуге қатысты. Кездесуге Шымкент қаласы мәдениет басқармасынан, «НұрОтан» ХДП Әл-Фараби аудандық филиалынан, зиялы қауым өкілдері, ЖОО және колледж, орта мектептердің ұстаздары, студенттер мен оқушылар қатысты. Іс-шара барысында ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы, т.ғ.к. Анарбаев Қ.С. жастарға ұлттық ойынның тарихына қатысты қызықты деректер келтірсе, әлем чемпионы Әсел Далиеваның шәкірті, тоғызқұмалақтан жастар арасында әлем чемпионы атағының иегері, ОҚМПУ-нің 108-26 тобының студенті Лина Каримова кездесуге келген мектеп оқушылары мен колледж студенттеріне шеберлік сағаттарын өткізді.

04.10.2018ж. Туркиядан келген әдебиетші, ғалым Севил Караман Шымкент қаласына келіп қазақ ақын-жазушыларының туындыларымен танысты. Кафедра меңгерушісі А.К.Қалжанова туркиялық ғалыммен болған сұхбатқа қатысып, түрік және қазақ халықтарының ортақ құндылықтары бойынша ой бөлісті. Келген қонақты Шымкент қаласының тарихи-мәдени көрікті жерлерімен таныстырды. Сұхбат екі жаққа да пайдалы болды.

2018 жылдың 8-9 қазан күндері Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті қабырғасында «Рухани жаңғыру» орталығының жұмыс жоспарына сәйкес «Дене тәрбиесі» кафедрасы «Ұлттық спорт – қазақ намысының қайнары» атты дәстүрлі ұлттық спорт түрлерін жаңғырту бойынша студенттер арасында тоғызқұмалақтан спорттық сайыс өткізді. **Жарыс жеңімпаздары:**

1-орын Дене шынықтыру және спорт мамандығының 1-курс студенті Тұрғынбекова Гүлден

2-орын Дене шынықтыру және спорт мамандығының 4-курс студенті Қалхозбек Нұрбол

3-орын Дене шынықтыру және спорт мамандығының 4-курс студенті Рысбеков Олжас ие болды.

ЖОО-ның ПОҚ Шымкент қаласының Білім басқармасы тарапынан 2018 жылы 20 қазан күні ҚР Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Менің кіші отаным» тақырыбында өткен ғылыми-тәжірибелік конференцияға сарапшы ретінде қатысса, сол 2018 жылдың 20 қазан күні Шымкент қаласындағы «Қайтпас 1» мөлтек ауданында орналасқан №53 жалпы орта мектептің 50 жылдық мерей тойына арналған іс-шарада ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы, т.ғ.к. Анарбаев Қайрат Сапарханұлы іс-шара барысында Қайтпас елді мекенінің тарихына қатысты «50 жылда – Ел жаңа» кітабының таныстырылымында аталған кітаптың ғылыми сапалығы мен өлкетану құндылығы жайлы жиынға қатысушылар мен жастарға мазмұнды баяндама жасады.

2018 жылдың 1-ші қарашасында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, қазақ күресінен, самбодан, дзю-додан спорт шебері Азияның екі дүркін чемпионы, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, Рио- де-Жанейрода өткен параолимпиадаға қатысушы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша республикадағы «100 жаңа есім» иегері Орынбасар Құралбаймен ОҚМПУ студенттер арасында кездесу

өтті. Кездесу барысында студенттер тарапынан қызықты сұрақтар қойылып, студенттер жақсы әсер алды.

2018 жылдың 1-ші қараша күні «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Филология факультетінің «Ағылшын тілі» кафедрасының ұйытқы болуымен **«Ұлттық сана – ұлттық бірегейлікті сақтаудың негізі: Бүгінгі қыз - ертеңгі келін»** атты тәлімгерлік сағат өтті. Іс – шараға Шымкент қаласы, Абай ауданы әжелер алқасының төрайымы Хамитбекова Бибіфатима Сұлтанбекқызы, Қазығұрт шағын ауданының «Асыл әжелер тобы» (Жетекшісі: Бақбаева Гүлбараш, Музыкалық жетекшісі: Сағындықов Бөгенбай, мүшелері: Жайынова Қарлығаш, Бердіқожаева Сауле, Ешмуратова Зейнегүл, Дәрменова Райхан) және ОҚМПУ «Рухани Жаңғыру» бөлімінің басшысы Анарбаев Қ.С., «Ағылшын тілі» кафедрасы меңгерушісі Сманова F.I., шетелдік тіл маманы Джошуа Дуфо, ұстаздар және студенттер қатысты. Тәлімгерлік сағат барысында студенттер халқымыздың қыз – бала тәрбиесіне қатысты дәстүрлерінен және қанатты сөздерінен мол мағлұматтар алды. Іс – шара барысында қонақтар сахналық қойылымдар мен әндер шырқады. Кездесу барысында аға ұрпақ өкілдері бүгінгі қыз-бала тәрбиесіндегі олқылықтардың ұлттық тәрбиедегі ұлттық құндылықтарды түсіндірді.

12.12.2018 жылы сағат 11-00 Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Назарбаев орталығында» ЖОО ұстаздары мен студент жастарының Түркістан облыстық және Шымкент қалалық ардагерлер кеңестерінің мүшелерімен «Оңтүстіктегі рухани өзгерістер» атты тақырыпта кездесуі өтті.

Кездесу қонақтары жастарға тәуелсіздік жылдарындағы оңтүстіктегі рухани өзгерістер туралы кешегі тарихпен салыстырмалы түрде әңгіме өрбіте отырып, еліміздің рухани саласындағы жетістіктеріне қатысты құнды мағлұматтар берді. Әсіресе, Түркістан облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жеңісбек Мәуленқұловтың, Сайрам ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Әлібек Байназар және университеттің ардагер ұстаздарының аузынан айтылғандай бұл саланың үнемі Елбасы назарында болғаны, солай келе жатқанын дәлелді мысалдармен жеткізуі жастарға пайдалы болды. *Соның ішінде еліміздегі, оның ішінде оңтүстікте өткен елді бірлікке мезгеген іс-шаралар мен ел көлеміндегі жүзеге асырылған «Мәдени мұра» бағдарламалары аясында атқарылған түрлі жұмыстардың рухани өзгерістерге ықпалы және Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларының руханият үшін мәні мен маңызын қамти отырып айтылған қызықты ақпараттары студенттерді шабыттандырды.*

2018 жылы желтоқсан айының басында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Рухани жаңғыру» орталығы мен Филология факультеті «Рухани жаңғыру студенттер көзімен» атты тақырыпта ЖОО студенттері арасында эссе және өлең шумақтарын жазудан шығармашылық байқау жариялаған болатын. Ұйымдастыру алқасы түскен шығармашылық жұмыстарды саралай келе студенттердің үздік деп танылған шығармаларын арнайы сайтта көпшіліктің назарына ұсынды. **Поэзия жанры бойынша:** Омар Бақыт (*Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс студенті*) «Қоңыр үнді домбырам шертіліп тұр!» және «Асыл бағым – Астана»-деген өлеңдерімен, «**Рухани жаңғыру бүгінгі студент көзімен...**» тақырыбында эссе жазу бойынша да Пазыл Санат (*Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс студенті*) жеңімпаз деп танылды. Оларға факультет демеушілері тарапынан театрландырылған кешке билеттер тарту етілді.

20.02.2019 жылы Шымкент қаласы жасөспірімдер кітапханасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Түркістан облысы бойынша өткен 2018 жылдың соңғы айларында кітаптары жарияланған он жазушының бірі-Захардин Қыстаубайұлының «Жүректің сөзі» атты кітабының таныстырылымы болды. Аталған іс-шараға қатысқан ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы, т.ғ.к., доцент м.а. Қ.С.Анарбаев осы кітаптың мазмұнындағы тарихи және мәдени құнды дереккөздік мәнге ие тұстарын жиналған көпшілікке таныстырды.

21.02.2019 жылы университеттің «Назарбаев орталығында» «Рухани жаңғыру» орталығының жұмыс жоспарына қазақ тіліндегі «100 жаңа оқулық» бағдарламасы аясындағы жарияланған К.Армстронгтың «Құдайтану баяны» атты кітабының мазмұнымен және осы еңбекті ЖОО білім беру бағдарламаларында қолданудың ғылыми-әдістемелік жолдары туралы пікіралмасу өтті. Іс-шараға онлайн жүйеде осы кітаптың Ұлттық аударма бюросы тарапынан таңдалған аудармашылар тобының жетекшісі, философия ғылымдарының докторы, профессор Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ «Ясауи» ҒЗО директоры Д.Кенжетай және тікелей ОҚМПУ профессор – оқытушылары, қаладағы ЖОО ғалымдары және студент жастар қатысты. Студенттер мен ЖОО ғалымдары кітаптың мазмұны мен оны қолданудың жолдарына қатысты өзіндік пікірлерін ортаға салды. Кездесу барысында мамандарға қойылған сұрақтарға «қанағаттанарлық» жауаптар берілді.

2019 жылдың 21 ақпан күні «Отырар» қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласын түсіндіру мен насихаттау мақсатында «Қазақстан- Ұлы даланың қарашаңырағы» атты тақырыпта ЖОО ғалымдары және қаладағы жалпы орта білім беретін мектептердің тарихшыларының қатысуымен кітапхана оқырман қауымының арасында тарихи танымдық сипаттағы іс-шара өтті. Шараға №90 жалпы орта мектептің директоры А.Орынбеков, ОҚМПУ оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты Қ.Анарбаев, "Нұр Отан" партиясы Қаратау аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, журналист Әбдез Рахманұлы, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының тарихшы мамандары қатысып, тақырып аясында жайында ойларын ортаға салып, өзара пікір алмасты.

22.02.2019 жылы «Ұлысымның ұйытқысы» болып саналатын Оңтүстік өлкесіндегі қазақ білімінің қасиетті қара шаңырағы саналатын Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің бір топ студенттері Елбасымыздың 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялауына орай ақпан айының 18 –ші жұлдызынан «Жұлдызды онкүндік» мерекелік іс-шарасын бастап кетті.

Осы мереке аясында университеттің кешкі оқыту және дайындық факультетінің бір топ талантты, өнерлі студент жастары факультеттің студенттік деканы «тарих және дінтану» мамандығының 2- курс студенті Сабина Сүйерқұлова бастамасымен Сайрам ауданы Қасымбек датқа ауылында орналасқан «Бауыржан отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» үйінде «Жас ұрпақ – біздің болашақ» атты концерттік, әрі қайырымдылық іс-шарасын өткізді. Ұжым басшысы Шардарбекұлы Саттар ОҚМПУ жастарына алғысын айтып, алдағы уақытта шығармашылық байланыс орнатуға ықылас білдірді.

Наурыз айында өткен «Алғыс айту» күні, 8-ші Наурыз, Наурыз мерекелері ұлттың рухани жаңғыруында орны бар дәстүрлі мерекелер ретінде ОҚМПУ ұжымы тарапынан зор қуанышпен аталып өтті. Мысалы, «Жүректен жүрекке» атты Төлеби аудандық №2 балалар үйіне қайырымдылық іс- шарасы сияқты т.б. бірнеше руханиятты толықтыратын іс-шаралар өткізілді.

2019 жылы 4-5 сәуірде ОҚМПУ қабырғасында «Рухани жаңғыру-қазақ өркениетінің жана дәуірі және жастар» атты студенттердің республикалық VIII ғылыми-

тәжірибелік конференциясы өтті. Конференция аясында биылғы «Жастар жылы» аясында ОҚМПУ тарапынан жарияланған «Жас зерттеуші» республикалық студенттік байқауының қорытындалары да шығарылып, жеңімпаздарды материалдық және моральдық тұрғыдан марапаттау іс-шаралары өтті. Оған ОҚМПУ басшылығы тарапынан арнайы бір миллион теңге қаражат бөлінген болатын.

2019 жылдың 29 наурыз күні ҚР Білім және ғылым министрлігі, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры А.Ж.Тойбаевтың хатына сай (№14-5/398. 28.03.2019.) Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде 2019 жылғы 1 және 20 сәуір аралығындағы Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының жариялану күніне орай арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп жоспарға қосымшалар енгізілді. Сол жоспарға сай 2019 жылы 09 сәуірде Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті қабырғасында «Жастардың рухани жаңғыруындағы дәстүрлі ислам құндылықтарының орны мен маңызы» атты тақырыпта рухани -танымдық кеш өтті. Рухани-танымдық кеш қонақтары арасында Шымкент қаласы Дін істер басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ басшысы, ф.ғ.к. Ноғаев Асылбек және аталған мекеменің ақпараттық жұмыстарды ұйымдастыру бөлімінің мамандары Заманханов Бауыржан, Таутаев Қуаныш, ОҚМПУ ұстаздары қатысты. Кеш қонақтары ОҚМПУ студент жастарына, жас ұстаздар қауымына елдің рухани жаңғыруында, әсіресе жастардың руханиятындағы Ислам діні құндылықтарының тарихи орны мен маңызына қатысты қызықты да, маңызды ақпараттармен бөлісіп, туындаған сұрақтарға жауаптар берді. Рухани-танымдық сипаттағы кеш барысында қазақтың қара өлеңдері мен дүниетанымға толы жырларынан үзінділер келтіріліп, ислами құндылықтардың ұлттық салт-дәстүрдегі орныққан белгілері туралы салиқалы ойлар ортаға салынды.

2019 жылы 16 сәуірде ОҚМПУ ұстаздары мен студенттері ЖОО-дағы «Назарбаев орталығында» мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Парламент Сенатының 2001-2008 жж. сайланым депутаты, «Құрмет белгісі» және «Парасат» ордендерінің иегері Өтебаев Мүсірәлі Смайылұлымен кездесу кеші өтті. Кеш барысында тәуелсіз Қазақстан Республикасының экономикасы мен руханиятының даму көрсеткіштері туралы, болашақ мүмкіндіктері және кәсіп таңдау мен елге қызмет етудегі бүгінгі жастардың білімі мен тәжірибесіне қатысты емен-жарқын пікір алмасулар орын алды.

2019 ж. 17 сәуірде ОҚМПУ «С» ғимараты 405 дәрісханада сол бағдарлама аясында шыққан С.Тер-Минасованың «Тіл және мәдениетаралық коммуникация» және В.Фромкин, т.б. «Тіл біліміне кіріспе» атты кітаптарының ерекшеліктері мен оларды пайдалану жолдарына қатысты мамандардың семинары өтті

2019 жылы 06 мамыр күні Дүниежүзілік спорт додасына 16 мемлекеттің 100-ден астам спортшысы қатысқан қазақтың ұлттық ойыны-тоғызқұмалақтан V рет өткен элем чемпионатының алтын медалін жеңіп алған ОҚМПУ-нің 3 курс студенті Лина Каримовамен ОҚМПУ ұстаздары мен студент жастары кездесті. Жарыс жеңімпазын ЖОО басшылығы құттықтап, сый құрмет көрсетті.

2019 жылдан Университетте ENACTUS-SKSPU Халықаралық студенттік кәсіпкерлерінің филиалы жұмысын бастады.

Университетімізде «Болашақ кәсіпкер» атты бизнес инкубаторы аясында «Шебер қолдар», «Алтын ине», «Жас суретші» атты 3 стартап жобалары жұмыс жасайды. «Даму» қорында студенттер оқу семинарларына қатысады. «Шебер қолдар» жобасы ағаштан әр түрлі бұйымдарды жасаумен айналысады. «Алтын ине» жобасы ұлттық және заманауи киім үлгілерін тігумен айналысады. «Жас суретші» жобасы әр түрлі стильдегі суреттерді салумен айналысады. Олардың жұмыстарының көрмесін өткізу ұйымдастырылу үстінде.

Бітіруші мамандардың «бәсекеге қабілеттілігін» арттыру мақсатында 2019 жылдың мамыр айында ОҚМПУ-де 4-курс студенттері арасында факультетаралық «Үздік жас маман - 2019» байқауы өтті. Байқау шығармашылықпен жұмыс істей білетін ұстазды анықтауға, озық педагогикалық тәжірибені таратуға бағытталды. Сайыс өзін-өзі таныстыру, ситуациялық тапсырмалар және ашық сабақтан үзінді көрсету секілді үш кезең бойынша өтті. Байқауға Назарбаев зияткерлік мектебінің үздік мұғалімдері, облыстық, қалалық білім беру мекемелерінің жетекші мамандары және жұмыс беруші тараптың мекеме басшылары қазылық жасады. 15 студент арасында өткен тартысты сайыста бас жүлдені «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының бітірушісі Сейсенбек Диана жеңіп алды. Ал I орын «Математика» мамандығының студенті Өтегенова Бағилаға, II орын «Биология» мамандығының студенті Ертай Мөлдір мен «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығының студенті Асан Назеркеге бұйырды. III орынды «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығының студенті Қапашова Наргиза мен «Музыкалық білім» мамандығының студенті Пірназарова Меруерт еншіледі. Жүлдегерлер жұмыс берушілер тарапынан шақырту алды.

Сонымен бірге «Рухани жаңғыру» орталығы жоспарына сәйкес түрлі қоғамдық ұйымдармен бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру көзделген болатын. Осы бағытта 2019 жылдың 16 мамыры күні Түркістан облысы славян мәдени орталығымен ОҚМПУ «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының бірлескен жобасы «Жаңа ұрпақ» атты Түркістан облысы және Шымкент қаласына қарасты ЖОМ оқушылары арасында Тарих пәнінен дәстүрлі олимпиада өтті. Білім сайысына ОҚМПУ ұстаздары әділқазылық жасап, ұйымдастыру істеріне тарих мамандығы студенттері де қатысты.

Ұлттық бірегейлікті сақтау бағытындағы іс-шаралар арасынан «Рухани жаңғыру» бағытында қосымша енгізілген іс-шаралар жоспарына сай әлеуметтік желілерде танымал кәсіпкер жерлестерге, олардың туған өлкенің дамуына қосқан үлесіне арналған «Туған жерге тағзым» атты интернет парақтарды ашу белгіленген болатын. Осыған орай университеттің баспасөз хатшылығы мен филология факультетінің мұрындық болуымен арнайы парақшалар ашылып, оларды керекті материалдармен толтырылу үстінде. Алғашқы беттер арасында Қазақстан халықтарының ынтымақ күніне орай ОҚМПУ-нің ректоры, облыстық мәслихат депутаты Оңалбай Аяшев Шардара ауданы Қауысбек Тұрысбеков ауылындағы бірқатар отбасыға қайырымдылық көмек көрсеткені туралы мағлұматтар орналасты. Халық қалаулысы 20 жанұяға ұн, шай, қант пен өсімдік майын тегін таратты. Сондай-ақ жомарт азамат көпбалалы аналарға қаржылай сыйлық берді. Бірлік пен ынтымақ мерекесінде ауылдағы дін қызметкерлеріне де сый жасалды. Қасиетті ораза айының қарсаңында Оңалбай Аяшев мешіт имамы мен наиб имамға бағалы сыйлықтар табыстады.

«Рухани жаңғыру» орталығы жоспарына сәйкес түрлі қоғамдық ұйымдармен бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру көзделген болатын. Осы бағытта 2019 жылдың 16 мамыры күні Түркістан облысы славян мәдени орталығымен ОҚМПУ «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының бірлескен жобасы «Жаңа ұрпақ» атты Түркістан облысы және Шымкент қаласына қарасты ЖОМ оқушылары арасында Тарих пәнінен дәстүрлі олимпиада өтті. Білім сайысына ОҚМПУ ұстаздары әділқазылық жасап, ұйымдастыру істеріне тарих мамандығы студенттері де қатысты.

Университеттің жоспарына сай «Рухани жаңғыру: патриотизм мен прагматизм» тақырыбында Шымкент қаласының әкімі Ғ.Әбдірахымовпен студент жастардың кездесуін өткізу жоспарланған болатын. Кездесу тақырыбына сай келетіндей сипаттағы жиынның

бірі 22.05.2019 жылы «Қоғамдық келісім формуласы: бірлік пен жаңғыруға» атты тақырып аясында өткен Шымкент қаласы ҚХА І сессиясы болып өтті. Шымкент қаласының әкімі Ғ.Әбдірахымовтың арнайы баяндамасын ОҚМПУ ұстаздары мен студенттері де тыңдады. Кездесу барысында жастар қала әкімі тарапынан айтылған қаланың тарихы мен бүгінгі тынысынан хабардар болып қана қоймай, адамзаттық құндылықтар мен бірге ұлттық құндылықтар туралы, өлкетану және жалпы отансүйгіштік туралы тағылымы мол деректерге қанықты. Қоғамдағы барлық жетістіктердің күдіретті күші – ауызбірлік пен өзара құрмет екенін ұғынып қайтты.

2019 жылдың 29-30 мамыр күндері ЖОО қабырғасында ұлттық тарихи сана мен бүгінгі өнердің сабақтастығы, үйлесімдігінің айқын көріністерін айғақтайтын суретшілердің «Шабыт шырағы – Түркістан» атты шығармашылық көрмесі жұмысын бастады. Көрмеге студент жастар өз шығармаларын қойып өлкедегі өзгерістер мен Түркістан қаласының облыс орталығы және рухани орталық және туризмнің ерекше аумағы ретіндегі маңызына назар аударатын болады.

Сонымен бірге 2019 жылдың 30-31 мамыр күндері студент жастарға Шымкент қаласы мен Оңтүстік Қазақстанның киелі орындарына археологиялық және этнографиялық тұрғыдан ғылыми-танымдық сипаттардағы экспедициялар ұйымдастыру іс-шаралары жоспарланған. Іс-шара барысында ЖОО студенттері Шымкенттің «көне цитаделі» орнына жүргізіліп жатқан археологиялық жұмыстар жайымен танысты. Сонымен бірге Шымкент қаласындағы Қошқар ата кесенесі мен бұлағына тарихи-танымдық саяхат жасап, қала көлемінде белгіленген жоспарға сай «қуғын-сүргін жылдары» құрбандарын еске алу іс-шараларына қатысты.

«Рухани жаңғыру» орталығы жоспарына сай ОҚМПУ ПОҚ тарапынан «Рухани жаңғыру» бағдарламасына орай ғылыми еңбектер мен БАҚ-да мақалалар жариялау, сұқбаттар ұйымдастыру жоспарланған болатын. Сол жоспарларға сай төмендегіше жұмыстар атқарылды:

- 1. Ректор О.Аяшев тарапынан «Даму дәуіріне дара жол» атты оқу құралы әзірленіп, баспаға ұсынылды.**
- 2. «Рухани жаңғыру» тақырыбымен сабақтастықта халықаралық деңгейде ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастырылды. Атап айтқанда:**
 - 1.«Заманауи білім беру тенденциялары, болашаққа көзқарас» - Байтанаев оқулары-7: атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы.
 2. «Ұлы даланың жаңа тынысы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы.
 3. Мемлекет және қоғам қайраткері ұстаз, ғалым, публицист Сұлтанбек Қожановтың 125 жылдығына арналған «Ұлтын сүйген ұлы тұлға» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы.
 4. Қаражігітова Клара Нұрмағанбетқызының 80 жылдығына арналған «Мұғалім бейнесі – ұлт мәртебесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы
 5. 2019 жылдан Университетте ENACTUS-SKSPU Халықаралық студенттік кәсіпкерлерінің филиалы жұмысын бастады.

3. БАҚ мақалалар төмендегі кестеде беріледі:

№	Мақаланың тақырыбы	Авторы	Жарияланған орны	Жарияланған мерзімі
1	Алдағы шаруаны айқындап берді	С.Әубәкіров ОҚМПУ «Қазақстан және әлем тарихы» кафедрасының	«Оңтүстік Қазақстан» газеті	11 қыркүйек 2018 жыл

		доценті, ардагер ұстаз		
2	Халық күші – қайнар көзі	І.Сманов ОҚМПУ Ардагерлер кеңесінің төрағасы, п.ғ.д., профессор	«Оңтүстік Рабат» газеті	12 қыркүйек 2018 жыл
3	Смарт – ВУЗ? Вполне реально!	Махашов Е. техника ғылымдарының кандидаты, Цифрландыру және IT басқармасының басшысы	«Панорама Шымкента» газеті	26 қыркүйек 2018 жыл
4	«Фақат кучли билим бера оладиган ОУЮлар колиши керак»	Оңалбай Аяшев ОҚМПУ ректоры, п.ғ.д., профессор	«Жанубий Қозоғистон» газеті	13 қазан 2018 жыл
5	«Бірінші кезекке білімді қойған ел озады»	ОҚМПУ оқу және оқу әдістемелік істер жөніндегі проректоры, т.ғ.к., доцент Исабек Б.Қ.	«Оңтүстік Қазақстан» газеті	6 қараша 2018 жыл
6	Ұлттың рухани жаңғыруы рухани өресіне сай жүреді	Анарбаев Қ.С.	Шымкент келбеті газеті	16.01.2019.
7	Дүниенің жаны жомарт алыбы (Қажымұқан өмірінен жаңа деректер)	Бегалиева Р.Н.	Оңтүстік Қазақстан.	18.05.2019.-8-9 бб.
8	Қазақтану мен рухани жаңғыруды қазақы таным арқылы пайымдаудың кейбір тұстары	Анарбаев Қ.С.	Тұран-Түркістан журналы	маусым, 2019.
9	Ұлтымыздың рухани жаңғыруы оның өресіне сай жүреді	Анарбаев Қ.С.	Дөңгеленген дүние газеті.	Ақпан 2019.

«Рухани жаңғыру» тақырыбын қозғаған ғылыми баяндамалар түрлі деңгейлердегі ғылыми конференцияларда жасалды

№	Мақаланың тақырыбы	Авторы	Жарияланған орны	Жарияланған мерзімі
1	Ханқорған (ғылыми баяндама)	ОҚМПУ оқу және оқу әдістемелік істер жөніндегі проректоры, т.ғ.к., доцент Исабек Б.Қ.	Түркістан облысы, Сайрам ауданының-90 жылдығына орай «Шежірелі Сайрамнан-Жаңарған Сайрамға» атты ФТК материалдары	Сайрам ауданы, 17.10.2018 ж.
2	Тарих ағынындағы Сайрам (ғылыми баяндама)	Анарбаев Қ.С.	Түркістан облысы, Сайрам ауданының-90 жылдығына орай «Шежірелі Сайрамнан-Жаңарған Сайрамға» атты ФТК материалдары	Сайрам ауданы, 17.10.2018 ж.
3	Рухани жаңғыру бағдарламасы аясындағы Түркістан қаласы	Алдаберген М.	«Қазіргі заманғы саяси және мәдени кеңістіктегі өнер мен білім» атты ХФТК материалдары	Шымкент, ОҚМПУ 07.11. 2018 ж.
4	Латын әліпбиіне көшу-жарқын болашақ кепілі	Жолшыбекова С.О., Қансейітова Ж.Ж., Сыдықова	«Қазіргі заманғы саяси және мәдени кеңістіктегі өнер	Шымкент, ОҚМПУ 07.11. 2018 ж.

		Н.К.	мен білім» атты ХҒТК материалдары	
5	Ұлттық салт-дәстүр негізінде жастарға тәрбие беру мәселесі	Досбағанбетова А.Т.	«Қазіргі заманғы саяси және мәдени кеңістіктегі өнер мен білім» атты ХҒТК материалдары	Шымкент, ОҚМПУ 07.11. 2018 ж.
6	Ұлы Даладағы халықтардың ұлттық танымы мен рухының тірегі -тарихи санасы	<i>Анарбаев Қ.С. Құлсейтов М. –</i>	«Ұлы Даланың жаңа тынысы» атты ХҒТК материалдары	Шымкент, ОҚМПУ 15.03.2019.
7	Ұлы Дала тұлғаларын тәрбиелеудегі аталық институтының рөлі	<i>Анарбаев Қ.С., Сыздықова Г.М.</i>	Байтанаев оқулары-7	ОҚМПУ. Шымкент
8	Сұлтанбек тұлғасын тану мен рухани жаңғырудың кейбір мәселелері //	<i>Анарбаев Қ.С., Б. Исабек</i>	«Ұлтын сүйген ұлы тұлға» атты ХҒТК материалдары	26.04.2019.

т.б. ғылыми баяндамаларда тақырып аясы ашыла түсті.

Телебағдарламаларда жасалған сұқбаттар

№	Телебағдарлама атауы	Телеканал	Авторы	Сайты
1		Қазақстан-шымкент	Анарбаев Қ.С.	http://shymkenttv.kz/kz/news/society_public/sairamga-90-zhyl
2	Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 5-қазан 2018 ж. Жолдауына орай өткен телекөпір	Қазақстан	Анарбаев Қ.С.	https://youtu.be/mBw73s4gzhQ
3	Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласын насихаттау мен түсіндіру мақсатында ұйымдастырылған Қазақстан-Шымкент телеарнасында «Мінбер» бағдарламасы 28. 11. 2018.	Қазақстан-Шымкент телеарнасы	Анарбаев Қ.С	
4	ҚҰРАҚ ҚҰРАП, КИІМ ТІГУ - БҮГІНГІ КҮННІҢ ТРЕНДИ// Көзайым бағдарламасы	Оңтүстік,	А.Байпатшаева, Г.Жолдасбекова	http://shymkenttv.kz/arhive_programs_poz/kozaiym/894846
5	«Рәміздер-мақтанышым». 04.06.2019.;	Оңтүстік, Қазақстан-Шымкент телеарналары	Анарбаев Қ.С	
6	Мемлекет. Қоғам. Дін., Түркістан облысына- 1 жыл толуына	Оңтүстік, Қазақстан-Шымкент телеарналары	Анарбаев Қ.С	

	орай арнайы хабарлар 06.2019			
7	«Ұлы даладағы металлургия» хабары 14.06.2019. т.б.)	Оңтүстік телеарнасы	Анарбаев Қ.С	

Университет профессор-оқытушылары мен студенттері жоспардан тыс Руханият тақырыбындағы өткізілген кездесулер мен кештерге қатысты.

Р/С	Іс-шара атауы	Іс-шара қонақтары	Өткізілген күні	Өткізілген орны
1	Белгілі тарихшы ғалым Әлімғазы Дәулетханмен ОҚМПУ профессор-оқытушылары және студенттерінің кездесуі	Ғалымдар, зиялы қауым, студенттер	21.09.2018 ж.	ОҚМПУ, бас ғимарат 316-дәрісханасы
2	Қоғам қайраткері, белгілі журналшы Жұмамұрат Тұяқбаевтың 80 жылдық мерейтойына арналған «Тұғыры биік Тұяқбаев» атты еске алу кеші	«Жас Отан» ЖК, зиялы қауым, студенттер	26.09.2018ж.	«Отырар» кітапханасы
3	Абайтанушы, ғалым Мекемтас Мырзахметұлының шығармашылығына арналған рухани-әдеби танымдық кездесу кеші	Ғалымдар, зиялы қауым	08.10.2018ж.	«Отырар» кітапханасы
4	«Нармахан - поэзияның Сүгірі» тақырыбында Константин Симонов атындағы Халықаралық әдеби сыйлығының лауреаты Нармахан Бегалыұлының туылғанына 75 жас құрметіне арналған әдеби кеш	Облыс, қала жазушылар одақтары мүшелері, зиялы қауым, студенттер	15.10.2018ж	«Отырар» кітапханасы
5	Айттыскер және жазба ақын Ақмарал Леубаеваның «Сенің атың жақсы адам» тақырыбындағы жыр жинағының тұсаукесері	Түркістан облыстық ішкі саясат бөлімі, Түлкібас ауданы әкімдігі, зиялы қауым «Сыр сандық» бірлестігінің мүшелері, зиялы қауым, студенттер	18.10.2018ж	ОҚМПУ, бас ғимарат 221-дәрісханасы
6	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, экономика ғылымдарының докторы Мырзақелді Кемел студенттер мен мұғалімдерге экономика және рухани жаңғыру тақырыптарында дәріс оқыды.	ЖОО ұстаздары, зиялы қауым, студенттер	2018ж. 5-6 қараша	ОҚМПУ, бас ғимарат 221-дәрісханасы
7	«Латынға өту заман талабы» атты облыстық архивте өткен дөңгелек үстел	ЖОО ұстаздары, зиялы қауым, студенттер	9.11.2018	Облыстық архив
8	ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы Қ.С. Анарбаев «Қазақстандық қоғамның рухани қауіпсіздігі: тәжірибе мен келешегі» атты семинарға қатысып, ҚР Қоғамдық даму министрлігі, қоғамдық келісім комитеттің алғыс хатымен марапатталды	Мемлекет және қоғам қайраткерлері, қызметкерлері және зиялы қауым,	23.11.2018	Астана қаласында ҚР Қоғамдық даму министрлігі, қоғамдық келісім комитеті
9	Математика кафедрасының	ЖОО ұстаздары,	29.11.2018.	ОҚМПУ, бас

	ұйымдастыруымен «Қазақтың математикадағы тұңғыш ғалымы - Акбергенев Ибадулла Акбергенұлы» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді.	зиялы қауым, студенттер		ғимарат 327-дәрісханасы
10	ОҚМПУ жастары «Сегіз сері кубогы» пікірсайыс турниріне қатысты	Студент жастар	26.01.2019 ж.	ОҚМПУ
11	«Қайырымдылық – адам жанының нұры» дәстүрлі аймақтық пікірсайыс турнирі	Студент жастар	16.02.2019 ж.	ОҚМПУ
12	«Үш тілділік -заманауи білім талабы» атты ағылшын тілінен қала көлеміндегі орта және орта арнаулы білім беретін мекемелер оқушылары арасында олимпиада	ЖОО және орта арнаулы оқу орындары ұстаздары, студенттер	Ақпан 2019 ж.	А.С. Пушкин атындағы облыстық кітапхана
13	«Ұлы Даланың болашақ тірегі-бәсекеге қабілетті жастар» атты кездесу кеші	ЖОО ұстаздары, студент жастар	26.02.2019 ж.	Түркістан облыстық өлкетану мұражайы
14	«Архив-2025» бағдарламасы аясында Түркістан облыстық және Шымкент қалалық архивтері мен музейлерімен бірлескен іс-шаралар өтті. «Отырар» қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасымен бірге Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласын түсіндіру мен насихаттау мақсатында «Қазақстан-Ұлы даланың қарашаңырағы» атты тақырыпта тарихи танымдық сипаттағы іс-шара өтті.	ЖОО ұстаздары, зиялы қауым, студенттер	2019 жыл 21 ақпан	«Отырар» кітапханасы
15	ОҚМПУ қабырғасында Орта Азия және Қазақстан жастары өнер және поэзия фестивалінің лауреаты, республикалық «Жігер» фестивалінің дипломанты, С.Ерубаев атындағы Шымкент облыстық Жастар сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде оқу орнының 1982 жылғы түлегі, белгілі ақын, тамаша сазгер Әкім Ысқақ атындағы дәрісхана ашылды.	ЖОО ұстаздары, зиялы қауым, студенттер	Наурыз 2019.	ОҚМПУ
16	«Мәдениет және табиғат мұраларын сақтау» тақырыбында кездесу	ЖОО ұстаздары, зиялы қауым, студенттер	12.04.2019.	Түркістан облыстық Өлкетану музейінде
17	«Үш бәйтерек: Сакен, Ільяс, Бейімбет» атты тақырыптағы арнайы іс-шара	ЖОО ұстаздары, зиялы қауым, студенттер	30.05. 2019.	Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі

Бұл жұмыстарға қосымша Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында профессор-оқытушылар тарапынан университет көлемінде орындау үшін биылғы оқу жылына 10 ғылыми жоба ұсынылды. Олардың барлығына студенттердің қатысуы көзделген болатын. Алайда, ОҚМПУ Ғылыми Кеңесінде ол жобаларды жетілдіре түсу керектігі туралы (28.02.2019ж.) шешім қабылданды. Аталған іс-шаралардан бөлек ОҚМПУ профессор-

оқытушылары мен студенттері «Рухани жаңғыру» бағытында Шымкент қаласы және Түркістан облысы аумағында өткізіліп жатқан түрлі іс-шараларға да белсене қатысып келеді.

2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ОҚМПУ бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарлама шеңберінде 68 (жалпы саны) іс-шара іске асырылды, қаржыландыру соммасы 3 450 000, оның ішінде демеушілік қаражат 244 000 тенгені құрап, ол жұмыстарға 7160 адам қамтылды.

Қорытынды мен ұсыныстар

1. Университетте «Рухани жаңғыру» бағытындағы ҒЗЖ тақырыптарын фундаментальды, халықаралық гранттар және қолданбалы келісім-шарттар негізінде қаржыландыру көздерімен жұмысты жандандыру қажет.
2. Студенттердің стартап жобаларын кеңейту мен келешекте коммерцияландыруды Республикалық «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлік палатасымен үйлестіру жұмыстарын жолға қоюды жетілдіру.
3. Университеттің оқу, ғылым және тәрбие жұмыстарымен тікелей айналысатын құрылымдардың (факультеттер, кафедралар, Жастар комитеті) және ПОҚ жеке жоспарларының тарауларына арнайы «рухани жаңғыру» бағыты бойынша атқаратын жұмыстарды жоспарлауды міндеттеу.
4. «Рухани жаңғыру» орталығының жұмыс жоспарларына енгізілген өзгерістерге орай әрбір құрылым жұмыс жоспарларына жауапты тұлғалардың жауапкершілігін одан ары арттыра түсіп, құрылымдардың әлеуеттік мүмкіндіктеріне орай дамытып әкететін жас кадрлармен толықтыру мәселесі оң шешімін тапқаны дұрыс болар еді.
5. Елімізде және өңірдегі, ЖОО –дағы «Рухани жаңғыру» бағытындағы іс-шараларға үнемі қатысып отыруды жалғастыру, соның ішінде БАҚ мақалалар жариялауды сай жазғы демалыс айларында да орындауды қолға алу.

«Рухани жаңғыру» орталығының жұмысының SWOT – талдауы

Орталықтың жұмысының тұтастығы мен толықтығын бағалау	Әлсіз жақтары
Күшті жақтары	
<ul style="list-style-type: none"> - «Рухани жаңғыру» бағытындағы жұмыстарды атқаруда ОҚМПУ ПОҚ ғылыми әлеуетінің жоғары болуы; - ПОҚ мен студенттер, магистранттар, докторанттардың «Рухани жаңғыру» тақырыбында түрлі деңгейлердегі конференцияларға қатысуы, ғылыми еңбектер мен мақалалар жариялауы және іс-шараларға белсенді қатысуы; - «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың материалды- 	<ul style="list-style-type: none"> - ПОҚ мемлекеттік гранттық жобаларға қатысуы деңгейінің төмендігі; - ЖОО шеңберіндегі «Рухани жаңғыру» бағытындағы ғылыми жобаларды

<p>техникалық базасының заманауи талапқа сай жабдықталуы мен ғылыми ізденістерге жағдай жасалған;</p> <p>- студенттердің (оның ішінде шетелдік азаматтығы бар туысқан түркі халықтары өкілдері де бар) арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасына қызығушылығының артуы;</p> <p>- ПОҚ ғылыми жобаларға қатысуға әзірлігі деңгейінің жоғарылығы, ғылыми жобаларды ұсынуы деңгейінің артуы;</p> <p>- СҒЗЖ «Рухани жаңғыру» тақырыптарымен белсене айналысуларының жоғары болуы.</p>	<p>қаржыландыруға керекті қаржы көлемінің айқын еместігі</p>
<p>Мүмкіндіктері</p>	<p>Қауіптілігі</p>
<p>- «Үш тілділікті» және жаңа әліпбиді барлық ОПК - ның меңгеруіне мүмкіндіктер бар;</p> <p>- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында орындалатын ғылыми жобалардың және студенттердің стартап жобаларын одан ары жетілдіру мен олардың нәтижелерін коммерциализацияландыруды қолға алу;</p> <p>- Республикалық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен біріккен жобаларды қолға алу;</p> <p>- ОҚМПУ ПОҚ ішкі ғылыми әлеуетін оқу бағдарламаларына «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» аясындағы әдебиеттерді енгізуде толық пайдалану.</p>	<p>ЖОО барлық құрылымдарында белсенділіктің бірдей көрініс көрсете алмауы;</p>

**ОҚМПУ «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы,
Т.Ғ.К., доцент М.А.**

Анарбаев Қ.С.

ОҚМПУ Ғылыми Кеңесі мәжілісінде талқыланып, бекітілді №10 хаттама 28.06.2018 ж.

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті**